

БЕКІТІЛГЕН
«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ
Директорлар Кеңесінің шешіміне
07.04.2023ж.
№46 Хаттама

**«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ 2022 жылғы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қызметтің ашықтығы
мен адалдығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар Жоспарын іске
асыру бойынша**
Есеп

Қарағанды медицина университетінде Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ескерту және оған қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Жұмыс келесі бағыттар бойынша құрылған:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нормативтік базаны жетілдіру және ұйымдастырушылық шешімдерді дайындау;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және академиялық адалдықты қалыптастыру;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оның ішінде тұрмыстық іс-қимыл бойынша азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-әрекет ету;
5. Ақпараттық жұмыс.

**Бағыт 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша
нормативтік базаны жетілдіру және ұйымдастырушылық шешімдерді
дайындау**

Есептік кезеңде жоспарлы қызметке сәйкес мынадай ішкі құжаттарды өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді:

1. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ комплаенс-офицері туралы Ереже;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органга, квазимемлекеттік сектор субъектісінің лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, директорлар кеңесіне тікелей бағынып есеп береді. Директорлар Кеңесінің шешімімен 05.04.2022ж. №36 Хаттама комплаенс-офицер Директорлар Кеңесіне тікелей бағыныста болып шығарылды. Қоғамның ішкі құжаттарымен және 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы бекіткен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жеке қауіпсіздік

департаментінің ұсынымдарына (№ 06-1-06/12090-И 2021 жылғы 09 желтоқсандағы шығыс хаты) сәйкес «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ комплаенс-офицері туралы Ережесі өзірленді. Ереже Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің Жеке қауіпсіздік департаментінде ескертусіз алдын ала келісуден өтті (2022 жылғы 20 маусымдағы № 06-1-06/24830 шығыс хаты) және Қоғамның директорлар Кеңесінің 01.07.2022ж. шешімімен бекітілді.

2. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Академиялық адалдық Кодексі;

Комплаенс-офицердің жоспарлы жұмысына және жаңа оқу жылына дайындығына, сондай-ақ студенттердің белгіленген ережелерді сактауын қадағалау жөніндегі Комиссияның ұсынымдарына сәйкес есепті кезеңде қорытынды бақылауды тапсыру кезінде жасалған бұзушылықтар тәртіптік жаза түрлерін айқындау бөлігінде Академиялық адалдық Кодексін өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді.

3. 2022-2023 оқу жылына арналған «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ жатақханаларына орналасу Ережесі.

Жаңа оқу жылында Платон АЖ арқылы қоныстандырудың электрондық жүйесін енгізуі ескере отырып, есепті кезеңде «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ жатақханаларына қоныстандыру қағидаларын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Бағыт 2. Сыбайлар жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін талдау

2022 жылдан бастап КР мемлекеттік органдарында және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде Үкіметтің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 Қаулысына сәйкес жобалық басқаруды жүзеге асыру Ережелерімен регламенттелген жобалық басқарудың pilotтық нұсқасы іске асырылуда, оған сәйкес орындауға міндетті Улгілік базалық бағыттың алты блогы анықталды. Сыбайлар жемқорлыққа қарсы қызметтерге («ҚМУ» КеАҚ - комплаенс-офицер) № 4 УББ «Сыбайлар жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» төртінші блогы бекітілді. «ҚМУ» КеАҚ жұмысының қорытынды есебін КР Денсаулық сактау министрлігінің Жеке қауіпсіздік департаменті ескертусіз қабылдады.

Есепті кезеңде Сыбайлар жемқорлыққа қарсы 5 мониторинг жүргізілді:

1. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ профессорлық-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерін аттестаттау мониторингі (21.02-11.03.2022);
2. Бос гранттарды бөлу рәсімінің мониторингі (Ақпан-наурыз);
3. «Академиялық процесс» бағыты, «Академиялық жұмыстардың жалдамалы орындаушылары» мониторинг объектісі (23.05-06.06.2022);
4. «Кадрлық жұмыс» бағыты, «Бос лауазымдарға орналасу процесі» мониторинг объектісі (10-23.05.2022);

5. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ профессорлық-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерін аттестаттау процесінің мониторингі (14-15.05.2022).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезінде белгіленген ережелер мен рәсімдерді бұзушылықтар анықталған жок. Процестер бойынша барлық құжаттар жауапты құрылымдық бөлімшелерде сақталады.

2022 жылы денсаулық сақтау ұйымдарымен анықтамаларды растау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді. 2022 жылы 25 хат жолданды. Есепті жылы Академиялық адалдықты бұзғаны үшін 9 білім алушы оқудан шығарылды. Негізгі себеп - құжаттарды (анықтаманы) жалған қолдан жасау және аттестаттау барысындағы бұзушылықтар.

«Академиялық жұмыстардың жалдамалы орындаушылары» обьектісі бойынша мониторинг жүргізу қорытындысы бойынша фармация мектебінің бірінші курс студенті Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау бөлігінде университеттің ішкі ережелерін бұзатын телеграмм - арна құрғаны анықталды. Бұл жағдай студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі Комиссияның талқылауына шығарылды. Комиссия Басқарма Төрайымы - Ректордың міндетін атқарушы алдында студентке сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолдану туралы өтініш білдірді (Комиссияның 2022 жылғы 10 маусымдағы №4 Хаттамасы). Басқарма Төрайымы - Ректордың м.а. бүйріғымен (2022 жылғы 16 маусымдағы №241) осы студентке сөгіс жарияланды.

КР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен ведомстволық бағынысты ұйымдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесіне сәйкес және «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Басқарма Төрайымы – Ректордың м.а. 2022 жылғы 30 маусымдағы №221 бүйріғына сәйкес 2022 жылғы 01 шілде мен 01 тамыз аралығында «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық институтының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесідей құрамда жұмыс тобы құрылды:

- А.А. Тұрмұхамбетова – Басқарма Төрайымы - Ректордың міндетін атқарушы, Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректор, университеттің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелеріне басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін лауазымды тұлғасы;

- А.Н. Урмашов – комплаенс-офицер;
- Е.А. Кравцив – Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры;

- Л.М.Стабаева – патология кафедрасының қауымдастырылған профессоры;

- С.К. Биева – Жастармен жұмыс жөніндегі бөлім маманы;
- М.М. Кусенбаева – «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобалық кеңесінің басшысы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының қорытындысы бойынша 12 ұсыныс шығарылды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 8 ұсыныс орындалды, 4 ұсыныс ұзак мерзімді сипатқа ие. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша түзету іс шараларының жоспары бойынша ескертулер жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері Басқарма (23.08.2022ж. №18 Хаттама) және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және «сенім жәшігінен» хаттарды алу жөніндегі Комиссияның отырысында (14.10.2022ж. №3 Хаттама) қаралды.

Оқу мерзімі қысқартылған «Стоматология» білім беру бағдарламасына тұсу емтихандарын өткізу барысында бұзушылықтар мәселелері бойынша 1 қызметтік тергеу жүргізілді. Қызметтік тергеп-тексеруді жүргізудің негізі: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жеке қауіпсіздік Департаментінің 06.09.2022ж № 06-1-06/8469-И шығыс хаты. Тергеу барысында өтініш берушінің дәлелдері расталмады және негіzsіз болды. Қабылдау емтихандарын өткізу кезінде потенциалды тәуекелдерді ескере отырып, комплаенс-офицер 2 ұсыныс шығарды. Өткізілген іс шаралар туралы қорытынды есеп КР ДСМ ЖКД – не жолданды.

Бағыт 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және академиялық адалдықты қалыптастыру

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және «сенім жәшігінен» хаттарды алу жөніндегі Комиссияның 4 отырысы өтті, онда 12 мәселе қаралды:

1. Комплаенс-офицерді Директорлар Кенесіне тікелей бағынуға шығару туралы, комплаенс-офицердің тәуелсіз және басқаның қол сұғылмайтын жұмысы туралы;
2. Академиялық адалдық Лигасының қызметі шеңберінде сыртқы әлеуметтік зерттеу жүргізу туралы;
3. «Сенім жәшігінен» хаттарды алу туралы;
4. «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық институтының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негіздерін түсіндіру бойынша жалпыға бірдей құқықтық оқыту жүргізу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мәселелері туралы;
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және есепті дайындау туралы;
6. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ комплаенс-офицері туралы Ереже;
7. Басқарма Төрайымы - Ректордың стипендиясын тағайындау рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету;
8. 2022 жылдың I жарты жылдығында «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ қызметінің ашықтығы мен адалдығын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілген жұмыс туралы есеп;

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері және аналитикалық анықтама дайындау туралы;
10. Жалған құжаттармен жұмыс жүргізудің бірынғай алгоритмін өзірлеу туралы;
11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ қызметінің ашықтығы мен адалдығын қамтамасыз ету бойынша 2022 жылға жүргізілген жұмыс туралы есеп;
12. 2023 жылға арналған Медицина университетінің клиникасында және «ҚМУ» КеАҚ Стоматологиялық клиникасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мәселелері туралы.

Басшылық және комплаенс-офицер 9 кеңеске қатысты: «Қазақстанның бизнес секторында іскерлік адалдықты арттыру», «Төртінші үлгілік базалық бағыттағы жобалар тобын іске асыру мәселелері жөніндегі бірлескен кеңес (ҰББ 4)», «Комплаенс-офицерлер арасындағы Үлттық конференция» және т.б.

20 сәуірде Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық институтының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негіздерін түсіндіру бойынша жалпыға бірдей құқықтық оқыту өткізілді. Дәріскер ретінде Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаменті жаңындағы Арнайы мониторингтік топ басшысының орынбасары Бейбіт Жұмабеков сөз сөйлемді. Спикер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі ұғымдарын ашты, жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікке дейін жазаларды қолдану бөлігінде енгізілген заңнамалық новеллаларды түсіндірді. Жалпыға бірдей оқытумен 70 қызметкер қамтылды.

Сәуір айында студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша ЖОО аралық дөңгелек үстел (диалог алаңы) өткізілді. Іс-шара студент жастарда сыбайлас жемқорлықты мемлекет пен қоғамдағы әлеуметтік құбылыс ретінде қабылдамауға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыруға, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды бекіту, ЖОО беделін арттыру негізінде азаматтық ұстаным мен жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған. Спикерлер ретінде комплаенс-офицер, ҚМУ КеАҚ академиялық жұмыс жөніндегі проректор сөз сөйлемді. Университеттің Академиялық саясатына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар өзірленді.

Студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі Комиссияның 2 отырысы өткізілді.

Белгіленген ережелерді түсіндіру бойынша білім алушылармен тұрақты негізде кездесулер өткізіледі. Мысалы, 26 сәуірде сессия барысында академиялық адалдық мәселелері бойынша комплаенс-офицердің «Самұрық» Студенттік республикасымен ақпараттық кездесуі өтті. Кездесудің мақсаты сессия қарсаңында студенттердің сұрақтарына жауап беру болды. Кездесу

барысында «Университеттің академиялық адалдығы», «Сессия кезіндегі Академиялық адалдық», «Университеттегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу» сияқты тақырыптар талқыланды. 2022-2023 оқу жылына студенттік ортада сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Самұрық» Студенттік республикасымен бірлескен жоспарлар өзірленді. Мектеп деканаттары тоқсан сайын білім алушылармен Академиялық адалдық Кодексінің ережелерін сақтау мәселелері бойынша кездесулер өткізеді.

«Sanaly Ugraq» жобалық кеңесінің жоспарын іске асыру шеңберінде студенттік клуб комплаенс-офицермен бірлесіп іс-шаралар мен акциялар үйімдастырады. Ақпан-наурыз айларында білім алушылар «FORUM22» форумына және «Сарыарқа – адалдық аланы» жобалық кеңесінің өкілі А.Т. Елібаевпен және «Әділдік жолы» ҚБ төрағасы Р.Ф. Танипековпен кездесуге қатысты. Университет білім алушыларының арасында: «Сыйбайлас жемқорлықсыз Медицина – біздің жарқын болашағымыз!» атты викторина үйімдастырылып өткізілді. Клуб мүшелерінің бос гранттарды бөлу рәсімдерінің мониторингіне, Басқарма Төрайымы – Ректордың стипендиясын тағайындауға және университет жатақханаларында түрү жағдайларының мониторингіне белсенді қатысуы жалғасуда.

Шілде айында «Самұрық» Студенттік Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл министрлігінің белсенділері онлайн кездесу үйімдастырып, өткізді. Кездесу барысында студенттер Басқарма Төрайымы – Ректордың стипендиясын тағайындауға байланысты ережелер мен мәселелерді, сондай – ак 2022-2023 оқу жылына арналған университеттің жатақханаларына орналасуға байланысты мәселелерді талқылады. Бұл кездесудің негізгі мақсаты Басқарма Төрайымы – Ректордың стипендиясын тағайындау туралы жалпы ақпарат беру, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ білім алушыларын үміткерлерге тағайындауға арналған конкурс ережелерімен таныстыру және университеттің жатақханаларына қоныстану бойынша ақпарат беру болды.

Қараша айында мемлекет заңдарын сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру, азаматтық-құқықтық білім беруді дамыту, білім алушылардың бастамасы мен жауапкершілігі, құқықтық мәдениет дағдыларын игеру, Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында білім беру ортасында «Жалпы медицина» ББ З курс студенттерімен кездесу үйімдастырылды.

Есепті кезеңде ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) «Адалдық сағаты» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылды. Тоқсан сайын «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының атқарушы хатшысы Бекзат Алтынбековпен, Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінің наib имамы Нұржігіт Оразалыұлымен, ҚМУ КеАҚ комплаенс-офицері Александр Урмашовпен, мектеп декандарымен тұрмыстық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін талқылау бойынша онлайн диалог аландары өткізілді.

Бағыт 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оның ішінде тұрмыстық іс-қимыл бойынша азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-әрекет ету

Есепті кезенде өнір үйымдарымен бірнеше кездесулер өткізілді. Мамыр айында комплаенс-офицер Шахтинск қаласының квазимемлекеттік секторының комплаенс-қызметтерінің қызметкерлері үшін «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алудың тиімді құралдары» тақырыбында оқыту жүргізді. Семинардың тақырыбы Мемлекет басшысы ұсынған бастамаларды іске асыру ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау болып таңдалды. Онлайн-семинар барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуідің Үлгілік қағидалары, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау дайындау және жүргізу рәсімдері, аналитикалық жазбаны қалыптастыру қаралды. Ұйымның НҚА-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және үйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға ерекше назар аударылды.

2022 жылы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл шеңберінде комплаенс-офицер С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Астана медицина университеті, Семей медицина университеті, Караганды индустріялық университеті комплаенс-қызметтерінің қызметкерлеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті үйымдастыру мәселелері бойынша кеңес беруді үйымдастырды.

Наурыз айында комплаенс-офицер «Жастар және білім» панельдік сессиясында «Қазақстандағы жастар: құндылықтарды, үміттер мен ұмтылыстарды бағалау» зерттеуінің тұсаукесерінде баяндама жасап, білім беру ортасында Академиялық адалдық қағидаттарын дамыту бойынша сараптамалық пікірімен бөлісті.

Ағымдағы кезенде Н.В. Гоголь атындағы Караганды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасымен «Парасат жолы» жобасын іске асыру бойынша бірлескен жұмыс жалғасты және 10 наурызда жобаның аралық қорытындылары бойынша тікелей эфир өткізілді.

Мамыр айында қала жастарымен және Караганды жоғары гуманитарлық колледжінің педагогикалық құрамымен сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күресті күшету бөлігінде Конституциялық реформалар мәселелері бойынша 2 кездесу өткізілді.

Желтоқсан айында комплаенс-офицер Саран қаласының білім бөлімімен бірлесіп кәсіби бағдар беру форумын үйымдастырды, онда аландардың бірі жоғары білім беру жүйесінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету мәселелеріне арналды.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Департаментімен және «Сарыарқа - адалдық аланы» жобалық кеңесімен белсенді өзара іс-қимыл жалғасуда. Академиялық адалдық Лигасымен бірлесіп 2022 жылдың 2 тоқсанында Лиганың барлық мүшелерінің академиялық қауымдастырының академиялық адалдықты қабылдауын зерттеу бойынша жалпы сауалнамалар өзірленді. Сәуір мен мамыр аралығында тәуелсіз зерттеу жүргізілді. Зерттеу

нәтижелері мектеп декандарына жұмыста қолдану және қызметтегі проблемалық саланы есепке алу үшін ұсынылды.

Бағыт 5. Ақпараттық жұмыс

Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілеріндегі университеттің ресми аккаунттарында өткізілген барлық іс-шаралар мен бастамалар туралы ақпарат жарияланады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 64 материал БАҚ-та, университеттің әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттарында жарияланды.

Университет қызметкерлерімен және білім алушыларымен байланыс арналары дамыған. 2022 жылы жұмыста келесі құралдар қолданылды:

1. «MUK Insider» өтініштер боты бар Телеграм -арна (2022 жылы 1500-ден астам өтініш);
2. Ректор блогы (2022 жылы 233 өтініш);
3. Сенім телефоны;
4. «Сенім жәшіктері» (барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларда);
5. Комплаенс-кеңесінің жеке қабылдаулары (2022 жылы 13 қабылдау);
6. Пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметі;
7. Қоғамдық қабылдау.

2022 жылғы шілдеде ҚМУ КеАҚ Басқарма Төрайымы – Ректор жаңа оқу жылына дайындық мәселелері бойынша өңірлік орталық коммуникациялар қызметі базасында өткен брифингке қатысты, желтоқсан айында Басқарма Төрайымы – Ректордың қоғаммен есептік кездесуі өткізілді.

Сондай-ақ, жыл бойы университеттің ресми аккаунттарында академиялық жұмыс жөніндегі проректордың оқытуудың және академиялық адалдықты сақтаудың өзекті мәселелері бойынша тікелей эфирлері ұйымдастырылды.

Караша айында КР заңнамалық актілеріне енгізілген өзгерістер мәселелері бойынша комплаенс-офицердің қатысуымен өңірлік орталық коммуникациялар қызметінің базасында брифинг өткізілді. Желтоқсан айында университет Сенатының қорытынды отырысында ҚМУ КеАҚ - да 2022 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру туралы есеп тындалды. Сенат мушелерінен 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарында ескерілген ұсынымдар алынды.

Бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурстардың рәсімдері, бос гранттарды бөлу, стипендиялар тағайындау және т.б. туралы уақытылы жариялануына үнемі бақылау жүргізіледі.

Комплаенс-офицер



А.Н. Урмашов